

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ:
ТАРИХИ БАҒДАРЫ, ДАМУ БЕЛЕСТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ»
XVIII ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕУРАЗИЯ ҒЫЛЫМИ ФОРУМЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ
XVIII МЕЖДУНАРОДНОГО ЕВРАЗИЙСКОГО НАУЧНОГО ФОРУМА
«30 ЛЕТ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ИСТОРИЧЕСКИЙ КУРС, ВЕХИ РАЗВИТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**MATERIALS
XVIII INTERNATIONAL EURASIAN SCIENTIFIC FORUM
«30 YEARS OF KAZAKHSTAN'S INDEPENDENCE:
HISTORICAL COURSE, MILESTONES OF DEVELOPMENT
AND PROSPECTS»**

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)
Қ18

Бас редактор

Сыдықов Е.Б., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор, ҚР ҰҒА академигі

Жауапты редактор

Садықов Т.С., т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің деканы

Редакция алқасы

Мерзалинова Г.Т., Басқарма мүшесі – Ғылым, коммерциализация және интернационалдандыру жөніндегі проректор; Айтмағамбетов Д.Р., т.ғ.к., доцент, Басқарма мүшесі – Стратегиялық даму жөніндегі проректор; Сайлаубай Е.Е., т.ғ.к., доцент, ЕҰУ «Ел тарихы» ҒЗО директоры; Сейтказина К.О., т.ғ.к., доцент, деканның академиялық мәселелер жөніндегі орынбасары; Ерменбаева Г.К., т.ғ.к., доцент, деканның ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары; Көшенова Ғ.И., т.ғ.к., доцент, Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі; Үмітқалиев Ұ.Ұ., т.ғ.к., доцент, археология және этнология кафедрасының меңгерушісі; Дүкенбаева З.О., т.ғ.д., профессор; Мусабалина Г.Т., т.ғ.д., профессор; Ковальская С.И., т.ғ.д., профессор; Алпысбес М.А., т.ғ.д., профессор; Мусағалиева А.С., т.ғ.д., профессор; Сарсамбекова А.С., т.ғ.к., доцент; Сайлаубаева Н.Е., т.ғ.к., доцент; Кабылтаева С.К., PhD, доцент; Каженова Г.Т., т.ғ.к., доцент; Жанисов А.Т., т.ғ.к., доцент; Жапекова Г.К., т.ғ.к., доцент; Брынза Т.В., аға оқытушы; Абдуразаков М.Ф., аға оқытушы (тех. редактор); Бижанов А.С., аға оқытушы (тех. редактор); Оразаев С.Б., аға оқытушы (тех. редактор).

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес/Мнение автора публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной Коллегии.

«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері және болашағы» XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары. II том / **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**: Материалы XVIII международного Евразийского научного форума. II том / Жалпы ред. басқарған Е.Б.Сыдықов. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 557 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-588-5

Бұл жинаққа Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің 25 жылдығына арналған **«Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жыл: тарихи бағдары, даму белестері мен болашағы»** атты XVIII Халықаралық Еуразия ғылыми форумының материалдары енгізілді. Ғылыми форумның жұмысы Президент Қ-Ж.Тоқаевтың **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»** бағдарламалық мақаласының идеяларын жүзеге асыруға бағытталды.

Шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектерінде Қазақстан халқының маңызды жетістіктері көрсетіліп, тарих ғылымының неғұрлым өзекті тақырыптары бойынша дамуының кейбір қорытындылары шығарылып, одан арғы зерттеулердің болашағы айқындалды. Жинақтың материалдары ғалымдарға, мамандарға, студенттерге, әртүрлі деңгейдегі ұйымдар мен билік органдарының басшыларына қызықты болуы мүмкін /

В данный сборник включены материалы XVIII Международного Евразийского научного форума **«30 лет Независимости Республики Казахстан: исторический курс, вехи развития и перспективы»**, посвященного 30-летию Независимости Республики Казахстан и 25-летию ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Работа научного форума была нацелена на реализацию идей программной статьи Президента К-Ж. Токаева **«Независимость превыше всего»**.

В работах зарубежных и отечественных ученых отражены важнейшие достижения народа Казахстана и подведены некоторые итоги развития исторической науки по наиболее актуальным темам, определены перспективы дальнейших исследований. Материалы сборника могут быть интересны ученым, специалистам, обучающимся, руководителям организаций и органов власти разных уровней.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ63.3(5Қаз)

ISBN 978-601-337-588-5

© Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

4. Сабанчиев Р.Ю. Концепция «мест памяти» Пьера Нора как способ исторической реконструкции//Гуманитарные исследования в Восточной Сибири и на Дальнем Востоке. - 2018. - № 1 (43). - С.35.
5. Нор П., Озуф М., Ж. де Пюимеж, Винок М. Франция-память. Пер. с фр.: Дина Хапаева. - СПб.: Изд-во С.-Петербург. ун-та, 1999. - С.41.
6. Козыбаев М.К. Избранные труды. - Алматы: «Ғылым», 2006. - С. 58.
7. Гумилев, Л.Н. (2010): История людей и история природы. - М.: АСТ: Астрель, 2010. - С. 16-17.
8. Моррис Хальбвакс. Социальные рамки памяти. Пер. с фр. и вступительная статья С.Н. Зенкина - М.: Новое издательство, 2007. -С.18 - 20.

СӘДУАҚАС ҒЫЛМАНИ МҰРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ МЕН ТҮЛҒАЛАР, ДІНИ ОЙ-САНА МЕН ДӘСТҮРЛЕР САБАҚТАСТЫҒЫ

Алпысбес М.А.

т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Қазіргі уақыттағы діни дәстүрді қайта жаңғыртуда көптеген күрделі мәселелер қайта туындап жатқаны белгілі. Сыртқы саяси күштер діни сауат мәселесін желеу етіп, бұл үдеріске ерекше белсенді араласқысы келеді. Осы мәселе жағынан дін тарихы тұрғысындағы өзекті ахуалды бағамдауға ХІХ ғасырдың екінші жартысы және ХХ ғасыр басында қазақ қоғамындағы дәстүрлі тарихи дерек көздері – қария сөз, шежірелер, халық әңгімелері мен мысалдарының пайдасы зор. Бірақ ол дерек түрлері де талдауды қажет етеді.

Қазақ қоғамында дін мәселесіне орай қалыптасқан ұстанымдарды және көзқарастарды талдауда жалпы тарихи жағдайдан жеке тарихи оқиғаларға, және жеке оқиғалардан жалпы тарихи ахуалды қарастыруға болады. ХVІІ-ХVІІІ ғасырларда қазақ халқы күрделі жаугершілік заманды басынан өткерді, ол кезде діни үдеріс тұрақты дамыды деп айту қиын. Қазақтың дәстүрлі діни танымынан хабар беретін тарихи дерек көздердің маңызы болғандықтан, Сәдуақас Ғырманұлының жақында жарыққа шыққан «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбегі аса бағалы [1].

Мысалы, шежірелер қазақтан алғашқы қажылыққа барған тұлғаларын ХІХ ғасырдан ғана еске алып айтады және одан арғы уақытта қажыға барды деген адамның есімдері айтылмайды. Бұдан тым асығыс, шұғыл тұжырым жасаудың қажеті жоқ. Қажылық парызын атқарған талай қазақ ол заманда да болған шығар. Бірақ ХІХ ғасырда қазақтың ішінде діни дәстүр ұстануға ұмтылыс күшті болғаны аңғарылады.

Сәкен қалпенің кітабында мынадай мысал айтылады: «бірде Бапан би Шорман биде қонақта болып, жұрт жиналып барлығы намаз оқығанда, Бапан би оқымаған тәрізді. Намаз соңында Шорман би Бапан биден: «Сіз намаз оқымағаныңыз қалай?» - деп сұраса, Бапан би «мен намаз оқуды білмеймін», - деп айтқан екен. Шорман би: «Қалай, үйренбейсіз бе?» - десе, Бапан би «Үйрететін молламыз жоқ» - депті. Шорман би: «Ендеше, Сізге мына кожаларымның бірін берейін» - деп, Шыңқожаны берген екен дейді [1, 84].

Бұл әңгіме дерегінен бірнеше маңызды ақпарат алуға болады: қазақ даласындағы кожалардың қызметі туралы, Шорман бидің халық ортасында ислам дінінің қуаты күшті болуына қызметі туралы, Бапан бидей асыл тұлға ел адамдарының діни сауаты жетпей тұрса да, мұсылмандыққа деген жақсы ниеті туралы. Одан кейін кітапта, бұл әңгіменің ыңғайына орай Ерейментау-Қоржынкөл төңірегінде болған қожа ұрпақтары туралы айтылады. Ол да өз алдына маңызды дерек болып табылады.

Кітаптағы Тоқан хазрет туралы тарихи деректердің өз алдына ерекше құнды тұстары бар. Тоқан хазреттің толық есім Тоқмұхамед Думаұлы (1851-1916). Барақ-Шабак деген таптың ішінде Есіркеп деген рудан тараған, алнағашы жұрты Көкшетаудағы қарауыл деген тап екен. Тоқан хазреттің өмірі мен мінезі, алған білімі мен әлеумет ортасындағы беделі мысалында ХІХ-шы ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамындағы

кадимжәне усули-жадид әдістері арасындағы орын алған астыртын тартыс жайлы, басқа да діни тақырыптағы бахс, пікірсайыстар туралы ой қорытуға болады.

XIX ғасырда Шоқанның еңбектерінде қазақ даласына дін ислам, мұсылманшылықтың жаңаша таралуы, бірі Еділ бойы татарларының, указной молла, бірі ортаазиялық қожа, ишандары арқылы діни фанатизм үлгісінде таралды деген ой айтылды. Тоқан хазірет Қызылжар қаласында діни білім алған. Осыған орай, Сәкен қалпе кітабында мынадай бір мысал айтады: «Тоқан Қызылжар шаһарына барып, бірінші махалла имамы Ахмад Уали хазіреттен оқу оқиды. Жаратылыс табиғаты басқа адамдардан өзгеше, өзін аққұлақ ұстап, басқаға сыр бермейтін адам, намысқой, шешен тілдіболғаны молла болып келгеннен кейін аңдалды. Айтушылардың сөзінше өте зейінді шәкірт болған деседі. Ұстазына сұрақ-бахыстарды көп қоятын, оңайлықпен тез ғана сабақ алып шығып, кететін шәкірт болмапты деседі. Бертін келе ұстазы жеті күнде бір-ақ сабақ беретін болыпты, зейіні өте кемуі үшін» - деп жазады [1].

Кейін ұстазына қарсы келді деген себеппен, ұстазы оны медреседен шығарыпты делінеді. Қарсы келуі мынадай оқиғадан болыпты: «бір татар байы ұстазы мен шәкірттерін қонаққа шақырады. Мәжіліс арасында қазақ халқының тұрмысы, олардың ғылымсыз көшіп-қонуы, мал бағуы, тағы сондай жағдайларын татарлар әңгімелеп, қазақты кем, қор санап, сөз болады. Сонда шәкірт Тоқан Хазрет, қазақ дегенге намысы келіп, рұқсатынсыз ұстазының алдына былай дейді: «Сіздер қазақты кемсітіп, сөз қылып отырыпсыздар. Біздің қазақ туралы кітапта сөз көрінбейді. Сіз татар халықтары: «Расул ул-Лаһ, салли Аллаһу ғалайһи уа саламның: «Ана бари' мин кулли муслим йақум байн азхур ал-мушрикайн йатара'а нарһума» деген хадисті оқып, Расул-Аллаһ: «түтіні-түтініне қосылып, кәпірлермен бірге отырған мұсылмандардан мен беземін» - деген жоқ па? Сіздер қайда отырсыздар? – деп айтып салған екен» [1, 89].

Сәкен қалпенің осы естеліктерінен Тоқан хазіреттің халық ортасында беделі зор, елге танымал, халық «Тоқан әулие» деп танығаны, бірақ оның жеке мінезі туралы, өзін өзі ұстауы, шәкірттерге қарым-қатынасы, оқыған кітабы туралы өзінше қалыптасқан пікірлерін білдірген. Мысалы, Сәкен қалпе естелігінде былай жазады: «ағайындары ол Тоқан хазіретті өте құрметтеп, Балаштың Жақыбы деген кісілер жеке үй, жеке тәрбиемен бағып, сыйлап күткен. Тоқан өзіне ешкімді тең көрмей, өзін жоғары ұстап, шариғат сұраушылар болса, бір-екі ауыз сөз шешен сөзбен халық ыңғайына, халық қалауына-мақұлдауына жататын сөздермен жауап беріп, өзінде «бір көрегендік», «біліп қоятындық» тәртіпте **жол қолданған**. Сондықтан, халық ортасында «Тоқан Хазірет әулие кереметімен біліп қояды» деген сөз тараған. Қараңғы халық қарамақ қандай, басқа ғадаттан тысқары болған істер қандай, оларды айырып білетін кісі жоқ. Тоқан айтты – болды дейтін иланыс халықтың көпшілігінің жүрегіне орнапты» [1, 90].

Қазақ халқының мәдени, рухани-дүниетанымдық болмысы оның салт-дәстүрлерімен тығыз байланысты. Халықтың ата салтымен етене жақын сол ортадан шыққан тұлғалар дәстүрге сүйенгені белгілі. Әуелден ислам діні тарихындағы алғашқы жіктелушіліктің шығу себептері, өзара тартысы мен олардың арасындағы ерекшеліктерге жан-жақты әрі ұғынықты талдау жасап жүргензамандас тарихшы әріптесіміз, насаб-нама үлгілерін зерттеуші ғалым ағамыз З. Жандарбек бұл жайында бізге ой-тәсіл тұрғысында қажет құнды мәлімет береді. Әсіресе, аһли-сунна уа-л жамаға аясында қалыптасқан екі түрлі бағыт Ахл ал-Хадис пен Ахл ар-Рай жайындағы түсіндіріп жазғандары көзімізді ашып, көкірегіміздегіні оятып, біз қарастырып отырған Хз. Сәкен қалпенің және басқа да дін ғұламаларының ұстанымдары, жеке діни ой-танымы мен діни көзқарастары туралы пайымдаулар жасауға жол ашады.

Ахл ал-Хадис пен Ахл ар-Рай жолы туралы З. Жандарбек еңбектерінен алатын түсініктеріміз мынау: «рух әлемімен сабақтастық» мәселесі кейінен ахл-и сүннетің іштей Ахл ар-Рай, Ахл ал-Хадис болып жіктелуіне ықпал еткен негізгі фактордың бірі болғандығына әлі күнге көптеген зерттеушілер көңіл аудармай келеді. Ахл ал-Рай көзқарасындағылардың ақылға мән беруінің астарында Али әулеті өкілдерінің ықпалы болғандығын сол кезеңдегі тарихи деректер айғақтайды» деп жазады [2]. Бұл мәселе

қазақтың аруақшылдық ұстанымының ертеден бар, және дін ислам қанат жайған уақытта да аруаққа тағзым ету, сый-құрмет көрсетуінің дұрыс екендігін айғақтайтын бір дәлел. Бұл туралы тағы бір ізденісті жариялаған едік [3]. Қазақ ортасында ислам мәдениетінің қалыптасуының ұзақ тарихы бар. Ислам қазақ ортасына ХІХ ғасырда татар молдаларының дәріптеуімен, немесе Орта Азияның сарттарының уағыздарымен келе қалған дін емес [4].

Түрік ғалымы Х. Алпердің «Матуридиде ақыл мен нақыл байланысы» атты шығармасын негізге алған З. Жандарбек, калам білгірлері Исламның сенім негіздерін Құран аяттары мен Пайғамбар хадистерін ақылды пайдалана отырып, талдау жасайтын, аяттардың ішкі мәні мен мазмұнын халыққа терең түсіндіре алатын, қорғай алатын ықпалды топтың қалыптасқанын айтады. Ислам діні арабтан тыс жерлерге таралуы діни таным-түсініктердің кеңеюіне ықпал етіп, Құран мен Суннаны түсінуде ғақлияны кеңінен пайдалануға жол ашқан, дін негіздерін тануда ғақылдың кеңінен пайдаланылуы діни таным негіздерінің тереңдеуіне тікелей ықпал еткен, ғақылмен тануды алғаш қолға алған Али ибн Абу Талибтің Хаула атты әйелінен туған ұлы Мұхаммед ибн ал-Ханафийа болғанын, Хусейн өлтірілгеннен кейін Али әулеті арасында құпия ілім иесі атанған тұлға осы Мұхаммед ибн ал-Ханафийа болғанын, ол ислам тарихында алғаш рет дінді ақылмен тануды үйрететін оқу орны - медресені ашқанын айтады [2].

Бұл медресе өкілдерінің исламдағы ой-пікірдің дамуына, олардың Құран мен сүннетті тануда ақылды қолдану тәжірибесікейіннен Ахл-и-Раймектебінің қалыптасуына ықпал еткен негізгі қайнар болды. Бұл топ ахл-и сүннет қабыл еткен шарттар мен ұстанымдарды толығымен қабылдады. Мұхаммед ибн ал-Ханафийаны жетекші ретінде таныған топ, рух әлемімен сабақтастық мәселесінде өз ұстанымдарында қалды. Абу Ханифа бастаған Ахл ар-Рай тобының Құран мен Сүннетке ғана сүйенбей, бұл екі қайнарда шешімі табылмаған мәселелерді шешуде ғақылды да пайдаланды. Және ғақылмен табылған шешімдерді еркін қолданды. Али ұрпақтарында рух әлемімен сабақтастықты мойындады. Абу Ханифа ізбасарлары да иман-сенім мәселесін негіздеуде ақылды қолдану арқылы калам ғылымын дамытты [2].

Абу Ханифа ислам діні тек жалғыз араб қоғамы үшін ғана емес, ислам дінін қабылдаған барлық халықтарға, жалпы адамзатқа арналғандығына мән берді. Ислам дінінің абасқа да раб емес халықтарға таралуына байланысты ол халықтарға дінді түсіндірудің жаңа жолдарын қарастырудың қажеттігін білді. Құран аятын негізге ала отырып, Абу Ханифа дін мен шариғатты бөліп қарастырды, сөйтіп мұсылман дініндегі халықтардың салт-дәстүрі мен төлмәдениетінің сақталып қалуына мүмкіндік берді.

«Насаб-нама» деректеріне қарағанда Түркістан жеріне алғаш рух әлемімен сабақтастықты әкелген Исхақ баб болды. Ханафи мазхабының негізгі ұстанымдары мен Имам Матуриди ақидасын негізге алған Қожа Ахмет Йасауи ханафи мазхабының басқа формада түлеуіне ықпалын тигізді. Йасайуи тарихатын қалыптастыруы Абу Ханифаның дін мен шариғатты бөліп қарастыру ұстанымдарын негізге алып, Исламнан рухқа қатысты бес парызды алып, шариғат жолын толығымен түркінің көнеден келе жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүріне берді. Бұл түркі халықтарының дәстүрі мен мәдениетінің қайтадан қалпына келуіне мүмкіндік берді.

Йасауи жолының пайдасы тек түркі халықтарына ғана емес, ислам әлемінің бүкіл халықтарына тиіді. Әр халық Йасауи үлгісімен тарихаттар қалыптастырып, өздерінің дәстүрлі мәдениетін қайтадан қалпына келтіруге мүмкіндік алды. Қазіргі күнге дейін жетіп келген қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі осы Йасауи жолы негізінде қалыптасты. Ахл ар-Рай өкілдерінің арқасында ұлттық мәдениет сақталады, яғни еркін ойды қажет ететін терең ілім-білім, халықтың өзіндік ерекшелігін қалыптастыратын ұлттық ән, күй, жыр, терме, дастан, поэзия, проза, әдебиет түрлері, төл тарихи таным, және т.б.

Исламдағы ғылым мен мәдениеттегі барлық жетістіктер осы Ахл ар-Рай бағытының белсенділігі арқасында дамыды. Қай кезеңде Исламдағы өрлеу, өркендеу осы ханафи мазхабының Ислам әлемінде жетекші орынға шыққа кезеңімен сай келеді. Қазіргі Батыс

елдері қолданып отырған ғылым мен технологияның негізінде осы Ахл ар-Рай бағыты ғалымдарының ашқан жаңалықтары жатқанын Батыс зерттеушілері де мойындайды. Сопылық жолдың қалыптасып, тариқат деңгейіне көтерілуі де ханафи мазхабының негізгі ұстанымдарына сай қалыптасты.

Ахл ал-Хадис өкілдері, исламдағы арабтың рухани-мәдени ықпалын сақтап қалғысы келді, бұл әрекет ислам дінінің ішкі қуатын шектейтіндерін ойламады. Сондықтан, Ахл ал-Хадис өкілдері Құран мен Пайғамбар сүннеті және сахабалардың айтқандарын ғана негізге алып, соларды ғана исламдық танымның негізі етті, ал жеке көзқарас пен ақылмен тапқан дәлелдерді қолдануға қарсы болды. Кітап пен хадиске негізделмеген көзқарасты, оны қиас деп атайды, оны олар қабыл етпеген, сол көзқарасты қолдайтындарды сынайтын болған. Олар Кітапқа сай, шешімін Пайғамбар хадистері мен сахабалардың сөздерін жинап, тақырыптарға топтастырып, негізгі көзқарасты хадистерге негіздеп, сол рухани негізге ұластыруды мақсат етті. Ахл ал-Хадис өкілдері ойлау, ойлану исламға кері ықпалын тигізеді деп түсінді, ислам дінін қабылдаған араб емес халықтарға ислам мен Құранның ішкі мазмұнын білу қажеттігі барлығын, сол арқылы Исламның ұлылығына бас иетінін түсінбеді. Ахл ал-Хадис исламның иман, ақида, ахлақ, ғибадатты бір-бірінен ажырамас, бүтін ретінде қарастырды. Ахл ал-Хадис өкілдері Абу Ханифа салған жолын айыптаумен болды. Ахл-и Хадис тобына шафийа, маликийа, ханбалийа мазхабтары кіретін еді.

Міне, Ахл ал-Хадис пен Ахл ал-Рай туралы зертеуші ғалым, т.ғ.к., профессор З.Жандарбек талдаулары арқасында қалыптасқан біздің әдіс-тәсілдік ұғым-түсініктеріміз, Сәкен қалпенің Тоқан Хазірет тұлғасы туралы, оның кейбір қиғаш қабылдаған әрекеттері жайында көзқарастарын, немесе Сәкен қалпенің Мәшһүр-Жүсіптің кейбір шешімдерін сын көзбен қабылдап, қылықтарын жатырқап қабылдағанын да түсіндіретіндей. Мысалы, Сәкен қалпе «Хақтық шынына келгенде, Тоқан ықпалы күшті, шешен, көпшілікті өзіне ертіп кеткендігі болмаса, ғалым Пайғамбардың мирасқоры болу жағынан Пайғамбар жолына сәйкес келерлік ісі, мінезі шамалы болды» - деп, Тоқан Хазірет тұлғасына баға беріп жазады [1, 93].

Енді Мәшһүр-Жүсіпке оның немере туысы болып келетін Әбілғазы молдаға байланысты бір оқиға мысалында: «шариғатта һәм сүйікті ат, оны Мәшһүр қалай бұзған? Оны бұзған Мәшһүрге сіз қалай деп ұйып мақұлдадыңыз? Бұл шариғат жолы емес, Мәшһүр жолын мақұлдау болады. Кісіге табыну болады. Мәшһүрдің .. бұзуына хақысы жоқ. Сен дұрыс шарғи қойылған атты Мәшһүр айтыпты деп қалдыруға хақыңыз жоқ», деп реніш білдірдім», - деп жазады [1, 149]. Осы мысалда, біздің ойымызша Ахл ал-Хадис ұстанымын байқататын сияқты.

Тоқан хазірет туралы Мәшһүрдің айтқаны туралы мынадай мысал келтіреді: «Мәшһүр Жүсіп пен Тоқан Хазірет Өлеңті өзені бойында қыстап отырған Мәшһүрдің ағайындары «Шикібас ауылы» деген ауылда кездесіп, мәжілістес болып, бір қонып тарқасады екен. Сонда Шикібас қажы Мәшһүрден: «Сіз қанжығалының Хазіретін көрдіңіз, аз уақыт болса да мәжілістес болдыңыз, қалай деп ол кісіні сынадыңыз? – деп сұрағанда, Мәшһүр-Жүсіп: «Тоқанның ғылымы – айналасы жартас, суаты жоқ, терең қара су сияқты екен», - деп айтқанын немере інісі Әбілғазы марқұм Мағұрыпұлы сөйлеген еді» - дейді [1, 94]. Яғни, Тоқан хазіреттің алған білімі, игерген ғылымы терең деп бағалаған. Тоқан хазірет білімін қажет еткенге, ғылымын түсінетін пендеге ғана бөлісіп, көңілін надандық мөрі басқандарға бөлісе бермеген. Мәшһүрдің ұстанымы да Тоқан Хазіреттің ұстанымына жақын болғанын көреміз.

Сол сияқты Тоқан хазіреттің Мәшһүр Жүсіп туралы сынағанын халық ортасында ауызекі әңгімеде кезінде ақсақалдар айтып отыратын болған, оның бір нұсқасын айтушы Серік Негимов ағамыз: «бір жиында Мәшһүр Жүсіп тарихи әңгіме, шежірелерден мысал айтып, қисса-дастандардан тәмсіл сөз келтіріп, шешіліп сөйлеп отырғанында, жиын-сұқбатқа қатысып отырған Тоқан хазірет ұйып тыңдап, Мәшһүрдің сөзін бөлмей бас-аяғына шейін өзі де тілге шешен адам болса да өз тарапынан әңгіме айтпапты. Содан кейін мұны байқап қалған кейбір ақсақалдар: «Тоқа, Сіз бүгін сұқбатта Мәшһүрмен білім таластырмадыңыз,

хадистер, дін уағызын айтпадыңыз ғой» - дегенде, Тоқан Хазірет: «Мәшһүрді Алла Тағаланың өзі оқытқан, мені адам оқытқан» деп қысқаша жауап берген екен деседі». Ғұламалардың даналығы, бір-біріне сый-құрметі, бағалауы осындай болғанын байқаймыз.

Мәшһүр Жүсіп мұраларын зерттеуші ғалым Аллен. Дж. Франк: «Мәшһүр Жүсіпті қазақтың діни және интеллектуалды тарихындағы оқшауланған немесе шеткі тұлға ретінде қарастыру қате болар еді. Оның исламдық білімі далада және Бұхара мен Ташкентте беделді болды.. Мәшһүр Жүсіп модернист немесе реформаторлық жаңадид деп есептелмейді, дегенмен ол діни институттар мен қайраткерлерді сыни бағалауға қабілеттілігін көрсетті. Мәшһүр Жүсіптің ақпараты, ең алдымен, бұл институттардың дамуы мен кадрлармен қамтамасыз етілуінде қазақтардың рөлін, сондай -ақ олардың көшпелі ортаға бейімделу қабілетін көрсетеді. Осыған байланысты оның мысалы ислам институттары мен ислам дінінің қайраткерлері отырықшы Орталық Азиядан немесе Еділ-Орал аймағынан қазақтарға «импортталды» деген жиі кездесетін стереотипке күмән келтіреді» деп зерттеу мақаласында жазған болатын [5, 230].

1962 жылдың 5 желтоқсан күні жазылған Хз. С. Ғылманидің «Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туралы біраз сөз» атты бөлімінде, Мәшһүр туралы ел айтып жүрген бір дақпырт сөз жайында сауал қойғаны туралы баяндаған:

«1930-1931 жылдары халық ауызында арғын, сүйіндік ішінде «Мәшһүр Жүсіп асқан әулие, кереметі күшті адам екен. Ол жақында өзінің өлетінін, тіпті өлетін күнін де біліп, өзіне қабыр қаздырып қойды» деген мөлшерден тым асқан бір сөздер жүрді. Ол сөздің айтылуы: Мәшһүр Жүсіп, өзінің туған өскен ортасына, елінің халқына «Сендердің мені жақсы көргенің қайсы? Мен өлгенде бата қылғандарыңды кім біледі? Шын мені жақсы көрсендер, мен тіріде бата қыл, көзіммен көріп кетейін! - деп айтты дегенді» айтып жүрді.

Сүйіндік оның ішінде өзі еркін араласып, сыйласып отырған елдері Қаржас-Айдабол деген халықтар бұл сөзді аңыз қылып айтысты. «Біз тірідей жүрген Мәшһүрге бата қыламыз деп, ауыл басы қой сойып, саба жиып өзінің салдырған қабырының жанында думан өткізіп жатыр», «бір жазда қырық бес қой жетпіс саба қымыз болды» деп айтушылар келіп айтып жүрді. Әрине, біз Қанжығалы, Сүйіндік, әсіресе Қаржас-Айдабол мұны өте мадақтасып, оның үстіне «кереметі мол, өлетінін біліп істеп жатыр» десіп, неше түрлі қосымша сөз етек алды. Мәшһүрдің табы Күлік-Тілеуімбет болса да, өскен елі Айдабол-Қаржас еді. «Мәшһүр білді», «Мәшһүр айтты» деген сөз өрескел асырып айтылған сөздер болып, мен ол елдің адамдарына: «Мәшһүр олай демейді», «Мәшһүр ғайыпты білмейді», «Мәшһүр ғайыпты білем деп дағуа қылмайды», «бұл сөздеріңіз мақтау емес боқтау болады» деп, жолсыз, жөнсіз жайларын кездескен жерінде айтатын болдым.

Мәшһүрдің өзіне жеке жолығып, не хат жазып сұрауға, дәл сол заманда қисыны да жоқ жалтақтаған бір халде едік. 1931 жылы, күз айлары. Өлеңті деген өзеннің сырт жағалауын қоныс қылып, Сүйіндік елімен Қаржас, Күлік, Қозған деген таптардың Өлеңтіні мекендеп отырғандармен мен де аралас отырдым. Бір күні Қаржас, Күлік ауылының бір азаматы маған: «Қазыкен Анапия баласы ертеңдері Баянаула барады, Баянаулада інісі Сұлтан атқару комитеті болып істейді, соның соғымын апарары екен, және Мәшһүрге сәлем беруге барады екен», - деп айтты.

Енді бұл туралы анық бір хабар алуға болады екен деп аттанып, мен Қазыкеннің үйіне барып сұрастырсам, айтқандай «ертең жүремін» деп отыр екен. Сұрағанымда, Қазыкен: «Сұлтанға соғымын апарып беремін, және ілімі ғайып қой, Мәшһүрді бір көріп, балашағаларымен барып, батасын алып қайтайын деп ниет қылып отырмын. Бір жылқының семіз тайын Мәшһүрге арнап апарамын», - деп жауап берді. Мен Қазыкенге: «Осыны сырттан естіп, өзіңе әдейі келіп отырмын, тапсыратын бір аманат сөзім бар, соны орындап қайтатын болсаң», - дедім.

Қазыкен маған қарап: «Ой тақсыр, өтінішіңізді неге орындамаймын, айтыңыз!» - деді. Сонда менің Қазыкенге айтқан аманатым мынау болды: «Мәшһүр-Жүсіп сіздердің пір уа ұстаз қылып қызықтаған адамдарыңыз. Мен де ол кісіге дос әрі тілектес адамның бірімін. Сондықтан, менен Мәшһүрге сәлем айтыңыз! Хат жансыз, ал сіз жандысыз. Жандының ісі

орынды болар деп, сізге ауызша тапсырма беріп отырмын. Қазір халық Мәшһүр туралы көп әңгіме айтып жүр ғой. Осы әңгімелердің шыны қандай, өтірігі қандай? Өз сөзіне бір ауыз сөз қоспай, бұл халынан маған хабар әкеп беріңіз!» - деп, көңілімдегі сөзімді айтып қайттым.

Бір күндерде «Қазыкен келіпті» деген естіген соң, әдейі барып: «ал енді сіз сол Мәшһүр ауылына бастап кіргеннен бастап сөйлеп беріңіз» дегенде, Қазыкен жауабын бас-аяғы былай айтты: «Намаздыгер уақыты болғанда, молла Мәшһүрдің ауылына жеттік. Бір айғыр үйірлі жылқысы бар, биесін жаңа ғана ағытып, жайлап барады екен. Біздің қасымызда қатын-бала, бір жолдасымыз, және арбаның екі жағында жетекте екі жылқымыз бар. Сосын жолдасыма айттым: «алыстан әдейі келе жатқанымызда молла үйінде болса оңды болар еді, сен қарашы молланың жылқысының ішінде өзі мініп жүретін торы аты бар ма екен» - деп. Жолдасым маған қарап: «Аты әне жүр!» - деді.

Бұрыннан көріп жүрген белгілі ат қой, жақсы болды деп қуанып, үй сыртына келіп тоқтап, аттан түстік. Молла үйінде екені анық болды. Үйге кіріп сәлемдесіп, амандық сұрасып, ел жұртты сұрасып отырдық. Мәшһүрдің айтқан екі сөзінің бірі «Әлхамдулилла!» деп, қайта-қайта айта берді. Менім ойымша бұл кісінің осынша «Әлхамдулилла! Шүкір!» - деуі өте көбейіп кетті. Мен: «тақсыр, сіз Аллаға ғибадат қылуды көп атқарасыз, шүкіршілік қылуды жақсы білесіз, бірақ осынша көп «Әлхамду! Шүкір!» айтуыңыздың бір себебі бар ма? - деп сұрадым!», - деді Қазыкен. Сонда Мәшһүр молла:

- Ей, Қазыкен-жан, көп «Әлхамдулилла! Шүкір!» айтуымда әрине бір себеп бар! Мен таңертең шәй ішкеннен кейін, атқосшысы әрі жолдас болып жүретін кісіні шақырып: «сен торы атты арбаға жек, екеуіміз пәленшенің (атын атады) ауылына барып қайтайық» дедім. Ол біраздан соң ат жегіп, «ат даяр болды» деп хабарлады. Сонда ойыма мынадай бір ой түсті: «барам деген ауылда жұмысым жоқ, тек көңіл көтеру үшін ғана барамын, ал егер алыстан бір адамдар «моллаға сәлем беремін» деп келіп қалса, келген адам мақұрым болып ренжіп кетеді ғой. Қойшы, бармай-ақ қояйын деп, бармайтын болып, жеккен атты түсіртіп, отырып қалдым. Міне, алыс жолдан сіздер келіп қалдыңыз. Мен жоқ болсам: «қап, молдаға сәлем беруге, көре алмай кеттік» деп, ренжімейсіңдер ме? Алла бұл ойды менің жүрегіме салғанына қуанып, «Әлхамдулилла! Шүкірді!» көп айтуыма себеп болды», - деп, жауап берді Мәшһүр. Қазыкен Хазіреті Мәшһүрге қарап:

- Тақсыр сіз «мен кереметпен білдім» деп елге айтпайсыз ғой, болмаса керемет білгеніңіз рас бар ма? – деп сұрадым. Сонда молла Мәшһүр тұрып:

- Е-е, Қазыкен-жан! Маған карамат қайдан келді. Міне көрмейсің бе артымды жууға қолым жетпейді, мен бір отырған боқты көт адаммын! (Өмірінің соңында семіріп кеткен, денесі жуан адам еді). Өз басына тазалығы болмаған адамнан карамат күтуге болмайды. Бұл карамат емес, бұл жүрекке Алланың салғаны болады. Бір сөзді Алла жүрекке салады, және соны пендесі сөйлеп қалады. Түбінде сол сөйлеп қалғаны дәл келеді. Шырағым! Бұл пенденің білгені емес, Алланың салғаны! – деді. Сосын келініне қарап: «Әй балам! Ана әбдірені ашып үстінде тұрған Қара Местің үстіңгісін алып берші, деді. Келін алып берді. Ашып бір қағазға жазған бір ауыз өлеңін оқыды. Оны жазған уақыты көрсетіп қойылған. Сол өлеңді жазғанынан отыз екі жыл өтіпті, онда: «Байлар-ау жиған мүлкің жанның қасы, зекетін беріп жүрсің атаң басы. Жақыбай, жалшылардың жан олжасы» деген сөз бар екен сол бір ауыз өлеңнің мазмұнында. Шырағым! Мынаны жазғалы отыз екі жыл өтті. Ол заманда осы заманның халын ойлау тұрсын, бұл заман түсімізге де кірген жоқ! Мен мұнда байлардың малын кәмпескелеп тартып алып, жарлы, кедей, жалшыларға таратып беретінін қайдан білейін? Алла жүрекке салды, мен оны сөйледім! Дәл болғаны, міне, көріп отырсың, - деп жылады. Сонда Қазыкен:

- Тақсыр! Бұл біздің келуіміз былай тұрсын, өзіңіздің өлер мезгіліңізді кереметпен біліп отырған жоқсыз ба? Жетпіс бір-жетпіс екі, жетпіс екі-жетпіс үште өлемін деп қабырыңызды жасатып қойған жоқсыз ба? - дедім.

Сонда Мәшһүр молла, тұрып:

- Шырағым! Ғайыпты Алла біледі! Пайғамбарлар да ғайыпты білмейді! Мен қашан өлетінімді білгеннен қабыр жасатып отырғаным жоқ. «Өзіңе көр қазып қою сауап» деп

ғалымдар айтқан соң, мен қабырлігімді жасаттым. Ал жетпіс бір-жетпіс екі, жетпіс екі-жетпіс үште де өлемін деген қайдан туған, енді соны айтайын. Мен Бұқарайы-Шәріпте оқу оқып жүргенімде, бір күні Көгілташ медресесінен шығып келе жатыр едім, Бұхара халқына мәшһүр, атышулы бір диуана бар еді, оны халық өте сыйлайтын еді, сол кісі көлденең көшеде келе жатыр екен. Мен әдепсіздік болар деп, алдынан өтпейін деп, тоқтап тұрдым. Ол кісі жетіп келіп, алдыма бір шығып, артыма бір шығып, арқама найзасын тақап тұрып, «жетпіс екі-жетпіс бір» деп, «жетпіс екі-жетпіс үш» деп, өте шықты. Сонда мен тұрып, Алла мұның аузына салғаны, менің өмірім болар ма екен? Жетпіс екі-жетпіс үш күнде болмаса, жетпіс екі-жетпіс үш айда болмаса, жетпіс екі-жетпіс үш жылда ма, деп ойланып қалып, жетпіс екі-жетпіс үш күн де тостым, онда өлмедім, енді жетпіс екі-жетпіс үш айды тостым, одан аман өттім. Қазір жетпіс бір аяқталуға жақын, жетпіс екі келе жатыр. Сол диуананың аузына Алла салған сөз болса, менің ажалым жетпіс екі-жетпіс үш жасымда болар деп күтіп отырмын. Бұл сөздің мәнін түсінбей, қараңғы халық жастарға: «Мәшһүр өлемін деп отыр! Өлетінін біледі!» деп былшылдап жүр. Боқты көт білсе мен білермін! Сосын боғауыз сөзін сөйлеп қойды. Ол кісінің айтқаны осы, менің естігенім осы, - деп, бастан аяқ баяндап берді. Сонан соң халықтың айтқаны не, Мәшһүрдің ғайыпты біледі деген алып-ұшты сөзінің түпкі негізі не екенін толық түсіндім де, «рахмет сөзді түзу жеткізгеніңізге» деп, Мәшһүр хазіретке зор алғысымды айттым. «Алла рахметінде қылсын!» - дедім», - деп жазады [6].

Мәшһүр Жүсіп мұраларында қазақ қоғамындағы қожалардың дін күшейтудегі рөлі, олардың әйгілі тұлғалары жайлы мол мағлұмат бар. Олардың барлығын зерттеуге алу арқылы қазақ ортасындағы дін ислам тарихы мәселелерін қарастыру үшін аса маңызды дерек көздерді қамтиды [7; 8; 9; 10].

Қорыта айтқанда, Хз. Сәдуақас Ғылманұлының «Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары» атты еңбегін жақын танысу, ғылыми талдауға барысында Сарыарқа, Ақмола-Қызылжар төңірегінде қазақтың дін ғұламаларының өмір тарихын ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасыр басындағы дін тарихымен тығыз байланыста қарастыру мүмкіндік тудырады, бұл зерттеулер қазақ руханияты, қоғамдық өміріндегі дін исламның рөлі, оны насихаттау жолындағы еңбек еткен әйгілі тарихи тұлғалар жайында білім толықтыру көкжиектері ашыла түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі:

1. Ғылмани С. Заманамызда болған ғұламалардың ғұмыр тарихтары / Кіріспе, қазақ және ағылшын тілдеріне аударған, түсіндірмелері мен көрсеткіштерін дайынд.: Ә.Қ. Муминов, Аллен. Дж. Франк, және т.б. - Алматы: Дайк-Пресс, 2015. - 576 б.– Т. 1.
2. Жандарбек З. Ахл ал-Рай жолы туралы / <https://abai.kz/post/78103>
3. Алпысбес М.А. Дін ғұламаларының мұрасы – ұлтымыздың киелі асыл қазынасы // Ұлы Дала мұрасы. № 7. – 2020. – 55-62бб.
4. Алпысбес М.А. Қазақ жеріндегі исламға дейінгі және исламдық құндылықтар мен жәдігерлер// Қазақстан тарихшыла-рының 3-ші конгресі: ғыл. жинақ. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2015. – 502б.– 489-495бб.
5. Allen J. FrankSufis, Scholars, and *Divanas* of the Qazaq Middle Horde in theWorks of Mashhur Zhusip Kopeyuli' // Islam, Society and State across the Qazaq Steppe (18th- early 20th Centuries) – Wien: Verlag der Osterreichischen Akademie der Wissenschaften, 2013. 352 pp.
6. Моллақанағатұлы С. Сәдуақас Ғылманұлы: Мәшһүр-Жүсіп – молла әрі хазірет. - Мына кіт.: «Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты: респ. ғыл.-теор. конф. матер. - Ботақара, 3 желтоқсан2009 ж. – Қарағанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2009. – 442 б.
7. Алпысбес М.А. Қожа шежірелері және мұсылмандық тарихнама // «VII Мәшһүр Жүсіп оқулары» атты ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Павлодар – С. Торайғыров атын. ПМУ, 2010. – 286б. – Б. 239-248.
8. Алпысбес М.А. Мәшһүр ғұламаның тарихнамалық ой мұрасы// Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. Республ. ғыл.-теор. конф.матер. – Қара-ғанды: «Болашақ-Баспа» РББ, 2009. – 442 б. – Б. 200-211.
9. Алпысбес М.А. Мәшһүр Жүсіп және қазақ тарихнамасы // ПГПИ іргесінде өткен халықаралық конф. пленарлық мәжілісі. – 2009. – 364б.
10. Алпысбес М.А. Мәшһүр абыздың ғұмыр тәлімі және сапарнамалары // Бұқар жырау мен Мәшһүр Жүсіп мұрасы және қазақ руханияты. Республ. ғыл.-теор. конф.матер. – Қара-ғанды: «Болашақ-Баспа», 2009. – 442 б. – Б. 310-328.